**ИҚБШ, ЭПБШ және ИТАН мәселелері бойынша өтінім беру жөніндегі нұсқаулық**

1. https://support.sts.kz: интернет-ресурсына өтеміз:




2. «Техникалық қолдау» таңдаймыз. Өтінім беруге мүмкіндік болу үшін Сізге алдымен «тіркелу» басып немесе https://support.sts.kz/registration сілтемесі бойынша өтіп, тіркелу (егер бұрын тіркелмеген болсаңыз) керек. Егер Сіз әлдеқашан тіркелген болсаңыз, өтінім беру үшін «сілтемелер» басып немесе https://support.sts.kz/query сілтемесі бойынша өтіңіз. Бұған дейін берілген өтінімнің мәртебесін тексеру үшін тиісті сілтемені басыңыз немесе мекенжай жолында https://support.sts.kz/implement теріп өтіңіз. Сондай-ақ, ұйымыңыздың ИҚБШ-ға қосылғанын тексеру үшін тиісті сілтемені басыңыз немесе https://support.sts.kz/checkip теріңіз:



3. Тіркелу үшін төменде көрсетілген барлық өрістерді толтыру қажет (электрондық пошта үшін корпоративтік поштаны көрсеткен дұрыс):




4. Сізде авторландырудан сәтті өткеніңіз туралы хабарлама көрсетілген баннер шығуы тиіс және өтініш беру парақшасына өтесіз. Сондай-ақ, өтініш беру парақшасына сізге электрондық поштаға келетін сілтеме бойынша өтуге болады. Мәселен: https://support.sts.kz/query?auth_id=98989898988. Мұндай жағдайда, 5 және 6 тт. өткізіледі



5. Өтінім беру үшін “Өтінім беру” басасыз:




6. Авторлану нөмірін көрсетесіз:




7. Санатын таңдайсыз, проблеманы сипаттайсыз, дереккөзі мен тағайындау IP-мекенжайын, байланыс деректерін көрсетесіз, жөнсіздіктің скрин көшірмесін қоса тіркеп (қажет болған кезде), сұрау салуды жібересіз.

Қосымша, support.sts.kz тикеттік жүйесі арқылы ресми сұрау салуды ресімдеу үшін ҚР ҰКО ЭЦҚ кілттерімен қол қойып, өтінім жасау және сұрау салуды жіберу қажет.

Пайдаланушы жылына кемінде бір рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың 133-тармағының 2), 3) тармақшаларына сәйкес ИҚБШ жабдығында қолдану үшін МТҚ-ға Пайдаланушының Интернет-ресурстары (бұдан әрі-ИР) санаттарының тізімін және телекоммуникация желілерінің желілік мекенжайлары тізімін ұсынады.

Пайдаланушы заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылып, Пайдаланушының ИР санаттарының тізімі мен телекоммуникация желілері желілік мекенжайларының тізімі қоса берілген өтінімді МТҚ-ға жібереді.

ИР санаттарының тізімі мен телекоммуникация желілерінің желілік мекенжайларының тізімі негізінде ИҚБШ жабдығында Интернетке қажет қолжетімділікті ашуға байланысты, сондай-ақ меншікті виртуалды желілерді (VPN) және Пайдаланушыға ақпараттық қауіпсіздік қатерлері мен тәуекелдерін төндіретін өзге де желілік сервистерді пайдалану үшін Пайдаланушының сұрау

салуларын ол МТҚ-ға заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған өтінім жіберу арқылы ресімдейді.




8. Сізде өтінімді сәтті бергеніңіз және өтініш беру парақшасына өтетініңіз туралы хабарлама көрсетілген баннер шығуы тиіс:



9. Өтінімнің мәртебесін тексеру үшін төменде белгіленген сілтеме бойынша өтіңіз https://support.sts.kz/implement:




10. Сұрау салудың нөмірін енгізесіз және тексересіз:



11. Қосымша ақпарат үшін комментарий қосуға болады:




12. Өтінім орындалғаннан кейін пікіріңізді жазып, өтінімді жабуға болады:

